

"Life-Рента+" пайдаға қатысумен ерікті кейінге қалдырылған аннуитеттік сақтандыру бағдарламасы бойынша негізгі ақпараттық құжат¹ /

**Ключевой информационный документ по программе страхования
"Добровольный отложенный аннуитет с участием в прибыли "Life-Рента+"**

1.	Сақтандырушы / <i>Страховщик</i>	"Халык-Life" АҚ / <i>АО "Халык-Life"</i>
2.	Сақтанушы / <i>Страхователь</i>	18 жасқа толған жеке тұлға немесе заңды тұлға / <i>физическое лицо с 18 лет или юридическое лицо</i>
3.	Аннуитент (Сақтандырылушы) / <i>Аннуитент (Застрахованный)</i>	1. Сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. 2. Жасы 2 жастан 65 жасқа дейінгі тұлға; аннуитеттік төлемдер басталған күні сақтандырылушының жасы кемінде 18 жаста болуы тиіс. 3. Сақтандыру шартында көрсетілген аннуитет алушы сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін басқа тұлғамен ауыстырылмайды. / <i>1. Физическое лицо, в отношении которого осуществляется страхование.</i> <i>2. Возможный возраст от 2-х до 65 лет; на дату начала аннуитетных выплат возраст застрахованного должен быть не менее 18 лет;</i> <i>3. Аннуитент, названный в договоре страхования, не может быть заменен другим лицом до окончания срока страхования.</i>
4.	Пайда алушы / <i>Выгодоприобретатель</i>	1. «Сақтандырылушының сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша пайда алушы сақтанушы болып табылады. 2. «Сақтандырылушының аннуитеттік төлемдер басталған күнге дейін, ал кейіннен – аннуитеттік төлемдердің әрбір кезеңі басталған күнге дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша, егер сақтандырылушы аннуитеттік төлемдер басталған күні немесе тиісті аннуитеттік төлем кезеңі басталған күні тірі болса, пайда алушы сақтандырылушы болып табылады. 3. Егер сақтандыру шартында кепілдік берілген мерзім көзделсе және сақтандырылушының қайтыс болуы кепілдік берілген мерзім аяқталған күнге дейін орын алса, онда кепілдік берілген мерзім аяқталғанға дейін сақтандыру шарты бойынша пайда алушы, егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылмаса, сақтандырылушының келісімімен сақтанушы аннуитеттік сақтандыруға арналған өтініште тағайындаған тұлға болып табылады. 4. Егер сақтандырылушы болып табылмайтын пайда алушы қайтыс болған жағдайда не өзінің құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары сақтанушыға ауысады, ал егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылса, онда оның құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтанушының мұрагерлеріне ауысады. / <i>1. Выгодоприобретателем по страховому случаю "дожитие застрахованного до истечения срока действия договора страхования" является страхователь.</i> <i>2. Выгодоприобретателем по страховому случаю "дожитие застрахованного до даты начала аннуитетных выплат, а в последующем – до начала каждого периода аннуитетной выплаты" является застрахованный, если на дату начала аннуитетных выплат или на дату начала соответствующего периода аннуитетной выплаты застрахованный жив.</i> <i>3. Если договором страхования предусмотрен гарантированный срок, и смерть застрахованного наступит до даты истечения гарантированного срока, то выгодоприобретателем по договору страхования до истечения гарантированного срока становится лицо, назначенное страхователем в заявлении на аннуитетное страхование с согласия застрахованного, если страхователь не является застрахованным.</i>

¹ Негізгі ақпараттық құжат (НАҚ) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы №25 «Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысына сәйкес әзірленді. / Ключевой информационный документ (КИД) разработан в соответствии с постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций от 1 марта 2010 года № 25 "Об утверждении Требований к осуществлению страховой организацией, филиалом страховой организации-нерезидента Республики Казахстан страховой деятельности, в том числе во взаимоотношениях с участниками страхового рынка, к договору поручения, заключаемому между страховой организацией и страховым агентом, и полномочиям страхового агента на осуществление посреднической деятельности на страховом рынке, а также минимальной программы обучения страховых агентов и требований к порядку проведения обучения".

		4. В случае смерти выгодоприобретателя, не являющегося застрахованным, либо его отказа от своих прав, его права переходят к страхователю, а если страхователь является застрахованным – к наследникам страхователя в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан
5.	Сақтандыру аумағы / Территория страхования	Бүкіл әлем, тәулігіне 24 сағат / Весь мир, 24 часа в сутки
6.	Сақтандыру жағдайы, сақтандыру төлемдері / Страховой случай, страховая выплата	1. Негізгі сақтандыру қамтулары – «сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде кез келген себеппен сақтандырылушының қайтыс болуы» және «сақтандырылушының сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталатын күнге жетуі». 2. Негізгі сақтандыру қамтулары бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын күнгі жағдай бойынша сақтандырылушының аннуитеттік төлемі мен бонустық аннуитеттік төлемін (бар болған жағдайда) қосу арқылы айқындалады. 3. Қосымша сақтандыру қамтулары: а) сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болу жағдайына сақтандыру; б) сақтандырылушыға жазатайым оқиға салдарынан мүгедектік белгілену жағдайына сақтандыру; в) сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алу жағдайына сақтандыру. / 1. Основное страховое покрытие – "смерть застрахованного по любой причине, наступившая в период действия страховой защиты" и "достижение застрахованным даты окончания срока действия договора страхования". 2. Размер страховой выплаты по основному страховому покрытию определяется путем сложения аннуитетной выплаты и бонусной аннуитетной выплаты (при наличии таковой) Застрахованного по состоянию на дату осуществления страховой выплаты. 3. Дополнительные страховые покрытия: а) страхование на случай смерти застрахованного наступившей в результате несчастного случая; б) страхование на случай установления инвалидности застрахованному в результате несчастного случая; в) страхование от несчастного случая, повлекшего получение застрахованным телесной травмы.
7.	Сақтандыру сомасы / Страховая сумма	1) Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің ең жоғары шегін білдіреді. 2. Бір сақтандырылушы бойынша ең жоғары сақтандыру сомасы сақтандырушымен келісіледі. 3. Егер негізгі сақтандыру қамтулары бойынша сақтандыру сомасы 3 000 000 (үш миллион) теңгеден аз болса, қосымша сақтандыру қамтулары бойынша сақтандыру сомасы негізгі сақтандыру қамтулары бойынша сақтандыру сомасынан асып кетуі мүмкін, бірақ кез келген жағдайда 3 000 000 (үш миллион) теңгеден аспауға тиіс. / 1) Сумма денег, на которую застрахован объект страхования, и которая представляет собой предельный объем ответственности страховщика при наступлении страхового случая. 2. Максимальная страховая сумма по одному застрахованному согласовывается страховщиком. 3. Если страховая сумма по основному покрытию составляет менее 3 000 000 тенге, страховая сумма по дополнительным покрытиям может превысить страховую сумму по основному покрытию, но в любом случае не более 3 000 000 тенге.
8.	Сақтандыру сыйақысы, сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі / Страховая премия, порядок уплаты страховой премии	1. Сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартымен айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы. 2. Сақтандыру сыйлықақысының ең төменгі мөлшері: төлем кезеңділігі біржолғы– 600 000 теңге; төлем кезеңділігі жылына бір рет– 120 000 теңге; төлем кезеңділігі жарты жылда бір рет– 60 000 теңге; төлем кезеңділігі тоқсанына бір рет– 30 000 теңге; төлем кезеңділігі ай сайын– 10 000 теңге. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу кезеңділігі: а) біржолғы; б) жыл сайын; в) жарты жылда бір рет; г) тоқсан сайын;

		д) ай сайын. / 1. Сумма денег, которую страхователь обязан уплатить страховщику за принятие последним обязательств произвести страховую выплату выгодоприобретателю в размере, определенном договором страхования. 2. Минимальная страховая премия: с периодичностью оплаты единовременно – 600 000 теңге; с периодичностью оплаты раз в год – 120 000 теңге; с периодичностью оплаты раз в полугодие – 60 000 теңге; с периодичностью оплаты ежеквартально – 30 000 теңге; с периодичностью оплаты ежемесячно – 10 000 теңге. 3. Периодичность оплаты страховой премии: а) единовременно; б) ежегодно; в) раз в полгода; г) ежеквартально; д) ежемесячно.
9.	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін және сатып алу сомасын қайта есептеу талаптары / Условия перерасчета страховой премии, страховой суммы, страховой выплаты и выкупной суммы по договору страхования	
10.	Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі / Срок действия договора страхования	5 жылдан бастап, одан асатын мерзім / от 5-ти и более лет
11.	Сақтандыру төлемдерінің көлемі / Размер страховой выплаты	
12.	Сақтандыру жағдайына жатпайтын жағдайлар / Исключения из страховых случаев	1. Сақтандыруға қабылданбайтын тұлғалар: 1) мүгедектігі бар тұлғалар, сақтандырушы тәуекелді жеке бағалау нәтижесі бойынша сақтандыруға қабылдаған тұлғаларды қоспағанда; 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар; 3) сақтандыру тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша сақтандырушы сақтандырудан бас тартқан тұлғалар. 2. Сақтандырушы сақтандырушының https://halyklife.kz сайтында орналастырылған Сақтандыру ережелерінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетінен босатылады. / 1. Не принимаются на страхование: 1) инвалиды, за исключением лиц, принятых страховщиком при индивидуальной оценке риска; 2) лица, состоящие на учете в психоневрологическом диспансере; 3) лица, которым страховщик отказал по результатам оценки страховых рисков. 2. Страховщик освобождается от осуществления страховой выплаты в случаях, предусмотренных Правилами страхования, размещенных на сайте страховщика https://halyklife.kz.
13.	Сақтандыру шартын бұзу кезіндегі ерекшеліктер / Особенности при расторжении договора страхования	
14.	Аннуитеттік төлемдердің мөлшері, мерзімдері және оларды айқындау тәртібі / Размер, сроки и порядок определения аннуитетных выплат	1. Аннуитеттік төлемнің мөлшері сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптардың келісімі бойынша айқындалады және полисте көрсетіледі. 2. Аннуитеттік төлемнің мөлшері аннуитеттік төлемдердің бір кезені үшін он мың теңгеден кем болмауға тиіс. 3. Әрбір аннуитеттік төлем және бонустық аннуитеттік төлем (ол болған жағдайда) сақтандырушы тарапынан аннуитеттік төлемдер басталатын күн басталғаннан кейін немесе тиісті аннуитеттік төлем кезені аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. 4. Аннуитеттік төлемдерді және бонустық аннуитеттік төлемдерді (ол болған жағдайда) жүзеге асыру пайда алушы қайтыс болған күні тоқтатылады, бірақ егер сақтандыру шартында кепілдік берілген мерзім көзделген болса, онда сол мерзім аяқталған күннен бұрын тоқтатылмайды. 5. Аннуитеттік төлемдердің кепілдік берілген мерзімінің ұзақтығы (жылдармен) полисте көрсетіледі, ал аталған мерзімнің басталу күні аннуитеттік төлемдер басталатын

		күнмен сәйкес келеді. / 1. Размер аннуитетной выплаты определяется по соглашению сторон при заключении договора страхования и указывается в полисе. 2. Размер аннуитетной выплаты не может быть меньше чем десять тысяч теңге за один период аннуитетных выплат. 3. Каждая аннуитетная выплата и бонусная аннуитетная выплата, при наличии таковой, осуществляется страховщиком в течение тридцати календарных дней после наступления даты начала аннуитетных выплат или после окончания соответствующего периода аннуитетной выплаты. 4. Осуществление аннуитетных выплат и бонусных аннуитетных выплат, при наличии таковых, прекращается в день смерти выгодоприобретателя, но не ранее даты истечения гарантированного периода, если он предусмотрен договором страхования. 5. Продолжительность гарантированного срока аннуитетных выплат (в годах) указывается в полисе, и дата начала такого срока совпадает с датой начала аннуитетных выплат.
15.	Пайдаға қатысу / Участие в прибыли	1. Сақтандырушы жыл сайын (болған жағдайда) сақтандырушы қызметінің нәтижесінде алынған пайданың сақтанушылардың пайдаға қатысуын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері түрінде бөлінуге жататын бөлігін айқындайды. 2. Сақтандырушы пайданың бір бөлігін сақтандыру дивидендтері түрінде әрбір сақтандыру шарты бойынша сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысына (төленген сақтандыру жарналарына) пропорционалды түрде, сондай-ақ осы сақтандыру шартының пайданы қалыптастыруға қосқан үлесін ескере отырып бөледі. 3. Сақтандыру дивидендтері сақтандыру шартының бір жыл толған күніне, егер осы күнге дейін төленуге тиіс барлық сақтандыру сыйлықақылары (жарналары) толық көлемде төленген болса, есептеледі. 4. Егер Сақтандырушының Директорлар кеңесі жыл сайын бекітетін ішкі ережелерінде өзгеше жағдайлар көзделмесе, сақтандыру дивидендтері сақтандырудың үшінші жылынан бастап есептеледі. 5. Азайтылған аннуитеттік төлеммен қолданылатын сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері азайтылған аннуитеттік төлемді ескере отырып есептеледі. Азайтылған аннуитеттік төлеммен қолданылатын сақтандыру шарттары, төленген сақтандыру шарттары және мерзімінен бұрын тоқтатылған сақтандыру шарттары қайта қалпына келтірілген жағдайда, сақтандыру жарналарын төлеуді кешіктіру және төлемеу кезеңі үшін сақтандыру дивидендтерінің есептелуі немесе олардың есептелмеуі қайта қарауға (өзгертуге) жатпайды. 6. Аннуитеттік төлемдер басталған күннен кейін сақтандыру дивидендтері есептелмейді. 7. Сақтандыру шарты бойынша есептелген сақтандыру дивидендтері бонустық сақтандыру сомасы мөлшерінде қосымша сақтандыру қорғаныстарын сатып алуға пайдаланылады. / 1. Ежегодно Страховщик определяет сумму части прибыли в результате деятельности Страховщика (при наличии таковой), подлежащей распределению в виде страховых дивидендов по договорам страхования, предусматривающим участие Страхователей в прибыли. 2. Страховщик распределяет часть прибыли в виде страховых дивидендов на договор страхования пропорционально оплаченной Страхователем страховой премии (оплаченных страховых взносов), с учетом вклада данного договора страхования в формирование прибыли. 3. Страховые дивиденды начисляются в годовщину договора страхования при условии, что все страховые премии (взносы), причитающиеся к уплате до наступления годовщины договора, были полностью уплачены. 4. Начисление страховых дивидендов осуществляется, начиная с 3 (третьего) года страхования, если иное не установлено внутренними Правилами Страховщика, утвержденными Советом директоров, ежегодно. 5. Страховые дивиденды по договорам страхования, действующим с уменьшенной аннуитетной выплатой, начисляются с учетом уменьшенной аннуитетной выплаты. При восстановлении договоров страхования, действующих с уменьшенной аннуитетной выплатой, оплаченных договоров страхования и досрочно прекращенных договоров страхования, начисление страховых дивидендов или их отсутствие за период просрочки и неуплаты страховых взносов пересмотру (изменению) не подлежит. 6. Страховые дивиденды не начисляются после наступления даты начала аннуитетных выплат.

		7. Начисленные по договору страхования страховые дивиденды используются для приобретения дополнительной страховой защиты на величину бонусной страховой суммы.
16.	Қосымша қамтулардың енгізілу ерекшеліктері / Особенности включения дополнительных покрытий	1. Әрбір қосымша сақтандыру қамтулары сақтандыру полисінің қолданылу мерзімінің бір жыл толған күніне сақтандыру шартына енгізілуі немесе одан алып тасталуы мүмкін. Бұл ретте енгізілетін әрбір қосымша сақтандыру қамтулары бойынша тиісті сақтандыру сыйлықақысы қосымша төленуге тиіс. Жазатайым оқиға нәтижесінде сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруды Сақтанушы тек сақтандыру шартын жасасу кезінде ғана таңдай алады. 2. Қосымша талаптардың қолданылуы тоқтатылған кезде мұндай сақтандыру бойынша сатып алу сомасы төленбейді. 3. Сақтандыру шарты бойынша қосымша сақтандыру қамтуларының қолданылуы мынадай жағдайлар туындаған кезден бастап тоқтатылады: - жинақтау кезеңі аяқталған кезде; - сақтандыру жарналарын төлеу мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде; - сақтанушының сақтандыру шартының қосымша талабын алып тастау туралы сақтандырушыға өтініш берген кезінен бастап. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде немесе сақтандыру шарты азайтылған сақтандыру сомасымен қолданылатын жағдайда, сақтандыру шарты бойынша қосымша сақтандыру қамтуларының қолданылуы да тоқтатыла тұрады. / 1. Каждое дополнительное покрытие может быть включено либо исключено из договора страхования в годовщину действия страхового полиса, при условии оплаты соответствующей страховой премии по каждому включенному дополнительному покрытию. Страхование на случай установления инвалидности застрахованному в результате несчастного случая может быть выбрано Страхователем только в момент заключения договора страхования. 2. При прекращении действия дополнительных условий выплата выкупной суммы в отношении такого страхования не производится. 3. Действие дополнительных покрытий договора страхования прекращается с момента: - окончания периода накопления; - досрочного прекращения уплаты страховых взносов; - подачи страхователем страховщику заявления об исключении дополнительного условия договора страхования; Действие дополнительных покрытий по договору страхования приостанавливается в период приостановления действия страховой защиты по договору страхования или в случае, когда договор страхования действует с уменьшенной страховой суммой.

